

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.121-2022
		№2 Баспа 31.10.2022 ж.
Ереже Нормативтік құжат түрі		Бет 1-12

**ҚР МСМ МК «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РММ**  
**Қысқартылған оқу мерзімді білім беру бағдарламалары туралы**  
**ЕРЕЖЕ**

Алматы  
 2022 ж.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.121-2022
	<b>Ереже</b> Нормативтік құжат түрі	№2 Баспа 31.10.2022 ж.  Бет 2-12

## М А З М Ұ Н Ы

1.	Жалпы ережелер .....	3
2.	Нормативтік сілтемелер .....	3
3.	Қолданылған қысқартулар .....	4
4.	Негізгі ұғымдар мен анықтамалар .....	4
5.	Қысқартылған оқу мерзімді білім беру бағдарламаларын өзірлеу .....	5
6.	Оқу нәтижелерін тану. Академиялық кредиттерді қайта есептеу .....	6
7.	Жауапкершілік .....	7
8.	Өзгерістер енгізу тәртібі .....	8
9.	Келісу, сақтау .....	8
	Қосымша 1 .....	9
	Қосымша 2 .....	10
	Келісу парағы .....	11
	Танысу парағы .....	12

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.121-2022
		№2 Баспа 31.10.2022 ж.
Ереже Нормативтік құжат түрі		Бет 3-12

**«Темірбек Жүргенов атындағы  
Қазақ ұлттық өнер академиясы»  
РММ Ғылыми кеңесінің  
шешімімен бекітілді**  
**«24» 11 2022 жыл**  
**№ 4 хаттама**

### 1. Жалпы ережелер

1. Қысқартылған оқу мерзімді бакалавриаттың білім беру бағдарламалары туралы осы ереже (бұдан әрі-Ереже) техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары, сондай-ақ жоғары білімнің бейіні және/немесе жоғары білімнің білім беру бағдарламасының, жоғары білім беру бағдарламасы тектес техникалық және кәсіптік білімнің білім берудің бағдарламасына қатыстылығы негізінде, жоғары білімді шығармашылық кадрларды даярлау үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережені Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының қабылдау комиссиясы және оқу процесін ұйымдастыруға қатысатын (бұдан әрі-Академия) бөлімшелері қолданады.

3. Осы құжатталған рәсім ішкі құжат болып табылады және Академияның сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасының құрамына кіреді.

### 2. Нормативтік сілтемелер

4. Осы құжат келесі құжаттардың негізінде әзірленген:
- 1) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.
  - 2) «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы.
  - 3) Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығы.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.121-2022
		№2 Баспа 31.10.2022 ж
<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі		Бет 4-12

4) Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның ресми және бейресме білім беруді оқытудың нәтижелерін тану ережесі. (Ғылыми кеңестің 2020 жылғы 30 маусымдағы шешімімен бекітілген, № 11 хаттама)

5) «Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның Академиялық саясаты» (Ғылыми кеңестің 2021 жылғы 27 мамырдағы шешімімен бекітілген, № 10 хаттама)

6) 2016-2026 жж. арналған Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының даму стратегиясы.

### 3. Қолданылған қысқартулар

**ҚР ҒЖЖБМ** - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

**МЖМББС** – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары

**ББ** – білім беру бағдарламасы

**ЖОЖ** – жеке оқу жоспары

**ОН** – оқыту нәтижелері

**ОТ** – офис тіркеуші

**ЖМП** – жалпыға міндетті пәндер

**ЖООК** – Жоғары оқу орны компоненті

**ТК** – таңдау компоненті

**НП** – негізгі пәндер

**БП** – бейіндік пәндер

### 4. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

академиялық кезең – (Term) (терм) – Теориялық оқыту кезеңін білім беру ұйымы үш нысанның бірінде дербес белгілейді: семестр, триместр, тоқсан;

академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі;

академиялық күнтізбе – (Academic Calendar) (академик күнтізбе) - демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу жылы ішінде оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткзу күнтізбесі;

оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі – халықаралық практикада қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балдардағы оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.121-2022
		№2 Баспа 31.10.2022 ж.
Ереже Нормативтік құжат түрі		Бет 5-12

білім алушыларды қорытынды аттестаттау – (Qualification Examination) - тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің, оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру бойынша көрсеткен білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар.

кәсіптік білім беру – біліктілік сипаттамалары мен талаптарына сәйкес кәсіби білімді, дағдыларды игеруге бағытталған маман ретінде тұлғаны қалыптастыру және дамытудың ұйымдастырылған процесі.

## **5. Қысқартылған оқу мерзімді білім беру бағдарламаларын әзірлеу**

1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығының 21 тармағына сәйкес «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» жоғары білімі бар кадрларды даярлау жалпы орта білім берудің, техникалық және кәсіптік білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының базасында жүзеге асырылады.

Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары базасында оқуға түсу және жоғары білімнің білім беру бағдарламасының бейіні және (немесе) техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламасымен тектес сәйкес келген кезде формалды білімнің алдыңғы деңгейіндегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады, игерілетін академиялық кредиттердің саны және оқу мерзімі қысқарады. Оқыту нәтижелері пререквизиттер ретінде сәйкес келген кезде формалды білім берудің алдыңғы деңгейіндегі жекелеген пәндер есепке алынады.

2) Академияға бакалавриатты ББ қысқартылған оқыту мерзіміне қабылдау, мамандандырылған кәсіптік колледждер/өнер училищелері базасында оқуға түсетін адамдар үшін ҚР ҒЖБМ министрлігінің Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру туралы сертификат беру» мемлекеттік қызметтерді көрсету ережелерін бекіту туралы № 204 бұйрығының 2-қосымшасында көрсетілген білім беру бағдарламаларына ғана іске асырылады. Қысқартылған оқу мерзімдерін қарастыратын жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін Ұлттық бірыңғай тестілеудің жалпы кәсіптік және арнайы пәндерін көрсетілген білім

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.121-2022
		№2 Баспа 31.10.2022 ж.
Ереже Нормативтік құжат түрі		Бет 6-12

беру бағдарламалары топтарының тізбесі. (2-қосымша ҚР Ғылым және Білім министрінің 26.07.2022 ж. № 13 бұйрықтары редакциясында).

3) Қысқартылған оқу мерзімді ББ негізгі (қысқартылмаған) ББ қатар іске асырылады, бірдей шифры, атауы болады, білім беру бағдарламаларының сол тобына жатады.

4) Қысқартылған оқу мерзімді ББ МЖМБС жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру негізінде әзірленеді және ECTS 180 кредитін құрайды, оның ішінде 9 кредиті өндірістік практика, 9 кредиті қорытынды аттестаттауды құрайды.

5) Оқу мерзімі қысқартылған ББ бойынша оқуды сәтті аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан өткендерге «білім беру бағдарламасы бойынша өнер бакалавры (шифр және атауы)» дәрежесі беріледі.

6) Қысқартылған оқу мерзімді ББ әзірлеру туралы шешім Академияның Ғылыми Кеңесінде қабылданады.

7) Қысқартылған оқу мерзімді ББ бойынша оқытындарға жекелеген топтар құрылады және жеке оқу жоспары мен кестесі бойынша оқытылады.

#### **6. Оқу нәтижелерін тану. Академиялық кредиттерді қайта есептеу.**

1) оқыту нәтижелерін тану және оқытудың алдыңғы деңгейіндегі академиялық кредиттерді (бұдан әрі-кредиттер) қайта есептеу Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның ресми және бейресми білім беруді оқыту нәтижелерін тану туралы ереженің негізінде жүзеге асырылады. Академияның Ғылыми кеңесінің 2020 жылғы 30 маусымдағы шешімімен бекітілген № 11 хаттама.

2) пәндердің кредиттерін қайта есептеуге арналған негізгі құжат, Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары берген құжаттар: диплом және оған қосымша болып табылады. Оқу нәтижелерін танудың негізгі құжаттары техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары және пәндердің силлабустары болып табылады.

3) емтихан қорытынды бақылауы болып табылатын пәндердің ғана кредиттерді қайта есептеуге жатады. Кредиттерді қайта есептеу оқу пәнінің атауы, оқыту нәтижесі және оның мазмұны, сондай-ақ оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқыған түлектер үшін сағаттар мен кредиттердің жалпы көлемінің сәйкестігі бірдей болған кезде жүргізіледі. Кредиттерді қайта есептеу оқу басталғанға дейін жүргізіледі.

4) кредиттерді қайта есептеуге ЖМП, НП, БП блок пәндері және кәсіптік практика жатады. Оның ішінде ЖОО және таңдау компоненті де жатады.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.121-2022
		№2 Баспа 31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі		Бет 7-12

5) Оқу және бақылау іс-шаралары «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен Академияның академиялық күнтізбесінде көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

6) Ресми білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін тану үшін Академияда ректордың бұйрығымен құрамына факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Офис-тіркеуші бөлімінің басшысы, хатшы кіретін мүшелердің тақ санынан тұратын бейіндік комиссия құрылады.

7) Комиссия студенттің алдыңғы ресми кәсіптік білім туралы құжаттарының болуы негізінде:

1) оқу пәндерінің тізбесін салыстырады: (олардың кредиттерінің көлемі, білім берудің нәтижелері, бақылау нысаны, пәннің мазмұны / тақырыптық жоспар), бакалавриаттың білім беру бағдарламаларында қамтылған пәндер тізбесімен бірге алдыңғы оқу деңгейінде оқыған

(1-қосымша);

2) нысан бойынша кредиттерді оқыту және қайта есептеу нәтижелерін тану туралы қорытынды жасайды (1-қосымша);

3) бакалавриаттың білім беру бағдарламасының пәндері бойынша оқу және кредиттерді қайта есептеу нәтижелерін тану туралы хаттама (қызметтік жазба) жасайды, оған бұдан әрі тиісті шешімдер енгізіледі (2-қосымша);

4) білім алушыны білім беру процесі басталғанға дейін оқыту нәтижелерін тану және кредиттерді қайта есептеу шарттарымен таныстырады;

5) оқу нәтижелерін тану және пәндердің кредиттерін қайта есептеу хаттамасының негізінде білім алушының ЖОЖ және білім беру бағдарламасының ОЖБ жасалады;

6) қысқартылған оқу мерзімді ББ, сондай-ақ білім алушылар контингенті Platonus жүйесіне енгізіледі.

### **7. Жауапкершілік**

1) Жергілікті жауапкершілік білім беру бағдарламаларының басшыларына, Офис-тіркеуші, ОӘҚ, ОУҰ және МҚ құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

### **8. Өзгерістер енгізу тәртібі**

1) осы Ережеге өзгерістер енгізуді әзірлеуші әзірлеу және бекіту сияқты тәртіппен жүзеге асырады.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.121-2022
		№2 Баспа 31.10.2022 ж
<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі		Бет 8-12

2) Ереженің жұмыс данасына өзгерістер енгізуді оқу-әдістемелік қызметте іс қағаздарын жүргізуге жауапты тұлға жүзеге асырады.

3) Құжатқа өзгерістер келесі қайта қаралғанға дейін қолданылады.

4) Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің қызметкері Ереженің түпнұсқасын ауыстыру туралы бұйрықтың нөмірі мен күнін көрсете отырып, «күші жойылды» деген жазба жасайды. Күші жойылған құжаттың түпнұсқасын Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің қызметкері мұрағатқа сақтауға тапсырады.

### **9. Келісу, сақтау**

1) осы Ережені келісуді оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор, оқу процесін ұйымдастыру және бақылау қызметінің басшысы, офис-тіркеуші бөлімінің басшысы, заң бөлімінің басшысы, Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы жүзеге асырады және құжаттың түпнұсқасымен бірге сақталатын жеке нысанда «келісу парағын» ресімдейді.

2) осы Ереженің жұмыс данасы оқу-әдістемелік қызметте және Академияның сайтында орналастырылады.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.121-2022
		№2 Басла 31.10.2022 ж
Ереже Нормативтік құжат түрі		Бет 9-12

### Қосымша 1

#### Пәндердің академиялық кредиттерін қайта есептеу

Бекітемін:

Декан \_\_\_\_\_  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_

Білім алушының аты-жөні \_\_\_\_\_  
 Білім беру бағдарламасының тобы (шифр және атауы) \_\_\_\_\_  
 Білім беру бағдарламасы (шифр және атауы) \_\_\_\_\_  
 Білім беру бағдарламасы ТжКБ (шифр және атауы) \_\_\_\_\_  
 дәрежесі/біліктілік \_\_\_\_\_  
 түскен жылы \_\_ ж.  
 оқыту тілі \_\_\_\_\_  
 оқыту нысаны күндізгі 3 жылдық /қысқартылған/

№	Техникалық және кәсіптік ББ пәндері	ECTS	Темірбек Жургенов атындағы ҚҰӨА пәндері	ECTS
1				
2				
3				
	<b>Барлығы:</b>			

#### Қорытынды:

№	Қайта есептелген кредиттері бар пәндердің атауы	ECTS	Бақылау түрі	Баға
1				
2				
3				

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ күні: «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

ОТ бөлімінің басшысы \_\_\_\_\_ күні: «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Студент \_\_\_\_\_ күні: «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ  
ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ  
КОМИТЕТІ  
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ  
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П 017-1 121-2022

№2 Баспа  
31.10.2022 ж

Ереже  
Нормативтік құжат түрі

Бет 10-12

### Қосымша 2

## Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА пәндерінің оқу нәтижелерін тану және оқу кредиттерін қайта есептеу туралы хаттама ХАТТАМА № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

оқу нәтижелерін тану және пәндердің академиялық кредиттерін қайта есептеу жөніндегі бейіндік комиссияның отырысы

**Пәндік комиссия құрамы:**

**Төраға (факультет декандары)** \_\_\_\_\_

**Мүшелері:**

**Қарастырылды:** Білім беру нәтижелерін тану және білім алушыға

\_\_\_\_\_ (аты-жөні, тегі)

алдыңғы деңгейдегі академиялық кредиттерді қайта есептеу.

Пәндік комиссияның қарауына келесі құжаттар ұсынылды:

- оқу нәтижелерін алғандығын растайтын құжаттар: \_\_\_\_\_

(Көрсету: құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні, құжатты берген ұйымның атауы, оның сайтына сілтеме, ББ атауы, курстың көлемі, кол жеткізілген оқу нәтижелері және т.б.).

**Пәндік комиссиясының шешімі:**

1. Білім алушының ұсынған алдыңғы білім беру деңгейіндегі оқу нәтижелерін алғандығын растайтын құжаттарының негізінде \_\_\_\_\_, олардың білім беру бағдарламасымен/ « \_\_\_\_\_ » ЭБ ску жоспарымен қалыптастырылатын оқыту нәтижелеріне **ТОЛЫҚ СӘЙКЕСТІГІН** белгілеу.

2. Алдыңғы білім беру деңгейі кезінде алынған нәтижелері « \_\_\_\_\_ » білім беру бағдарламасына/оқу жоспарына **ТОЛЫҚ СӘЙКЕС** деп **ТАНЫЛСЫН**.

3. Қорытындыда көрсетілген пәндер бойынша ECTS академиялық кредиттерінің қайта есептелуі **ТАНЫЛСЫН**.


Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

(аты-жөні, қолы)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

(аты-жөні, қолы)

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1 121-2022
		№2 Баспа 31.10.2022 ж
<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі		Бет 11-12

<b>Әзірленді:</b>		
ОӘҚ басшысы		Джумадилова Ж.А.
<b>Келісілді:</b>		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Амирбеков Ш.А.
Оқу үдерісін ұйымдастыру және мониторинг қызметінің басшысы		Турдалиева Б.К.
Офис-тіркеуші бөлімінің басшысы		Шомшекова А.А.
Заң бөлімінің басшысы		Исламов П.Э.
Стратегиялық жоспарлау және СМЖ бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1 121-2022
		№2 Баспа 31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі		Бет 12-12

### Танысу парағы

№	Бөлімше	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				
12.				
13.				
14.				
15.				